



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

14.07.2017 № 5

№

ре

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның
2017 жылғы 14 шілдедегі
қаулысы

Астана қаласындағы базарлар
жағдайы және «1000 орын-
коше саудасы» бағдарламасын
жүзеге асыру туралы

«Астана қаласының өндіріс және кәсіпкерлік басқармасы» ММ
басшысының орынбасары Р.Ф.Идрисовтың «Астана қаласындағы базарлар
жағдайы және «1000 орын-коше саудасы туралы» акпаратын тыңдал, талқылай
кеle, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясы атқарушы органдар
кәсіпорындар мен ұйымдармен бірге сауда саласында қызмет көрсету сапасын
көтеру және коше саудасын тәртіпке келтірумен қатар, кәсіпкерлерге қолдау
көрсету бойынша бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Бұгінгі күнде астана аумағында 25 сауда базары бар, онда 11 мыңдан
астам адам жұмыс жасайды. Сауда үйлері, базарлар, сауда нұктелері,
дүкендердің жұмыстары Қазақстан Республикасының сауда қызметтерін реттеу
туралы заңнамасымен бекітілген талаптарға, сондай-ак, Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2008 жылы бекітілген жеке және заңды тұлғалардың
сауда, ойын-сауық, қонақ үй, медициналық және астана аумағында көрсетілетін
басқа да қызметтерді көрсету туралы қаулысына сәйкес реттеледі.

Сауда саласындағы негізгі көрсеткіштері бұл саланың дамуының үдей
түсінін көрсетеді. 2016 жылға 2015 жылмен салыстырғанда қаланың бөлшек
тауар айналымының көлемі 1,2 есеге, көтерме сауда 1,1 есеге өсken. 2016 жылға
сауда саласына тартылған инвестиция көлемі 15,5 млрд. теңгені құрады, ол
2012 жылмен салыстырғанда 1,8 есеге артқан, сауда қызметкерлерінің саны 1,4
есеге көбейген. Электрондық көтерме сауда айналымы 0,1 млрд. теңгені
құраған. Соңғы 7 жылда көтерме және бөлшек саудадан салық түсімдері 4 есеге
артқан.

Астанада сауданың заманауи түрлеріне көшу шаралары қабылдануда.
Жалпы алаңы 26,9 мың ш.м. 500 сауда орындарымен көп функционалды «Алай
базары» сауда-логистикалық орталығы ашылған.

Сауда саласында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілердің жұмысы жандануда. 2016 жылы шағын және орта бизнестен 600 миллион теңгеден аса қаражат көлемінде инвестиция тартылған, 850 жұмыс орны құрылды.

Базар иелерінің заңнаманы бұзған фактілерін анықтау үшін мониторингілеу жүргізілуде. 2016 жылы қойылған талаптарды орындағаны үшін әкімшілік жауапкершилікке тартылып, 8,5 млн.теңге көлемінде айыппул салынған.

Астана қаласы бойынша тұтынушылар құқығын қоргау жоппіндегі департаментімен базарлардың санитарлық жағдайын сактау бойынша жоспардан тыс тексерулер өткізілген. Нәтижесінде, 2015 жылы 5 базар иелері, 2016 жылы 7 базар иелері 20 АК 100 АК дейін 1 күннен 1 айға дейін жұмысын тоқтату арқылы әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

«Астанадағы қауіпсіздік және жайлышық» кешенді жоспарына сәйкес базар басшыларымен жұмыс жүргізілуде.

Шагын және орта бизнеске қолдау көрсету мақсатында «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы аясында іс шаралар жүзеге асырылуда. Астана қаласының әкімшілігімен «1000 орын – көше саудасы» бағдарламасы (ары қарай - Бағдарлама) әзірленген, операторы «Астана» ӘҚК»ҰК» болып табылады (ары қарай – «ӘҚК Астана»). Бағдарламаны жүзеге асыру аясында жер телімдері белгіленіп, астананың заманауи көркіне сай объектілерді орналастыру қарастырылған. Осы мақсатта көше саудасын ұйымдастыру үшін 737 жер телімдері белгіленіп, бекітілген. Кәсіпкерлермен алдын-ала 425 қосалқы жалгерлік шарттары жасалған. Сауда объектілерін мониторингілеу жүргізілуде.

Бей-берекет сауда және белгіленбеген жерде сауда жасауды жою бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2017 жылдың басынан бастап 53 заңсыз орнатылған сауда орындары алынып тасталды. Ағымдағы жылдың 5 айына жергілікті полиция қызметкерлерімен белгіленбеген жерде сауда жасағандары үшін 1520 құқық бұзушылар ұсталды, 2016 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 52,4 пайызға көп.

Жер телімдерін заңсыз пайдаланғандары үшін Астана қаласының жер қатынастары мен жердің пайдалану мен қорғалуын бақылау басқармасымен жыл басынан бері 8,3 млн.теңгеге айыппул салынған, оның ішінде төленгені – 5,7 млн.теңге. Әділет департаментіне мәжбүрлеп өндіру туралы 27 сот шешімі жіберілді.

Сонымен бірге, қалалық мәслихаттың құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясы астанадағы сауда жағдайы талапқа сай еместігін атап өтті.

Сауда үйлері мен супермаркеттер маңында бей-берекет сауда жасау шешілмеген мәселе болып тұр.

Қала әкімшілігінің мекемелері арасында өзара әрекеттесудің, сауда орындарын орналастыруға арналған жер телімдерін анықтал, білуде үйлесімділіктің жоқтығы, пәтер иелерінің кооперативтері жағынан кедергі

булудың кәсіпкерлердің сауда орындарын көшіруге арнағы техникаларды жалдауына қосымша ақы төлеуге акеп соғуда.

Тұрақ аумағында, мектеп және тұрғын үй жапында, жаяу жүргішшілер жолында, инженерлік жүйелер мен жоғары вольттік желі орындарында сауда нүктелерінің орналасуы қала тұрғындарының наразылығын білдіруде. Бұл Уәлиханов-Кенесары көшелерінің қызылсында, Республика даңғылы, 5 үй, цирк аумағындағы автотұрақ орнында, №58 мектеп маңында, №5 емхананың автогүзіргендегі, Водио зерттейтін жағдайлары аумағында, Гейтерек, және т.б. орындар.

Кәсіпкерлерге сауда жасау үшін бөлінген жер телімдерінің мерзімдерін қайта қарауды қажет етеді.

Кәсіпкерлік субъектілерінің сауда орындарын орналастыру кезінде электр және өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу жағдайлары да кездесуде.

Кейбір қала аумағында орналасқан сауда орындары астананың архитектуралық көркіне сай келмейді, санитарлық нормага жауап бермейді.

«Астана қаласының өндіріс және кәсіпкерлік басқармасы» ММ тұрақты комиссия отырысында Астана қаласының базарлары жағдайы туралы ақпарат берілмеді.

Жоғарыда аталғанның негізінде, қалалық мәслихаттың құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ**:

1. «Астана қаласындағы базарлар жағдайы және «1000 орын-көше саудасы туралы» ақпараты ескерілсін.

2. Астана қаласының әкімшілігі, «Астана қаласының кәсіпкерлік және өндіріс басқармасы» ММ, «Астана қаласының архитектура және сәулет құрылышы басқармасы» ММ, «Алматы», «Есіл», «Сарыарқа» аудандары әкімдерінің аппаратына астанада сауда жұмысын дамыту мен жетілдіруге бағытталған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау бойынша жұмысты жандандырысын.

Сауда орындарын орналастыру үшін берілетін жер телімдерін анықтап, рұқсат қағаздарын беруде өзара келісіп жұмыс жасалсын.

3. Астана қаласының әкімшілігі, «Астана қаласының архитектура және сәулет құрылышы басқармасы» ММ, «Астана қаласының жер қатынастары мен жердің пайдалану мен қорғалуын бақылау басқармасы» ММ, «Астана» ӘҚК»ҰК»АҚ «1000 орын – көше саудасы» бағдарламасын ары қарай жүзеге асыруға уақытша тыйым салу туралы мәселені қарастырысын.

Астана аумағында сауда нүктелерінің орналасуын реттеу үшін сауда нүктелерінің орналасуы қаланың дамуы бойынша бас жоспарына сай келетінін білу үшін мониторинг жасалсын. Астана аумағында ары қарай сауда нүктелерінің орналастыру қажеттілігі қаралсын.

4. «Астана қаласының кәсіпкерлік және өндіріс басқармасы» ММ, «Астана қаласының архитектура және сәулет құрылышы басқармасы» ММ, Астана қаласының ішкі істер Департаментінің жергілікті полиция қызметіне,

тұтынушылар құқығын қорғау департаментіне рұқсат етілмеген орындарда сауда жасауға тыйым салу, кәсіпкерлік субъектілеріне көше саудасын ұйымдастыру мен санитарлық норма талаптарын сақтау бойынша бақылау жүргізіп, осы талаптарды бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке тарту ұсынылсын.

5. «Астана қаласының кәсіпкерлік және өндіріс басқармасы» ММ, «Астана қаласының архитектура және сәулет құрылышы басқармасы» ММ, «Астана» ӘҚК»ҮК»АҚ сауда нұктелерін орналастыру үшін боліпген жер төпімдеріне рұқсат беру мерзімін қысқарту туралы мәселені қарастырылғаны.

6. «Астана қаласының энергетика басқармасы» ММ, Астана қаласының төтенше жағдайлар бойынша департаментіне, «Астана - Энергия» АҚ өртке қарсы қаіпсіздік шараларын қамтамасыз ету мақсатында сауда нұктелерінде электр құрылғыларын орнату Қағидаларын сақтауын, өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуын қадағалауды қүшету ұсынылсын.

7. «Астана қаласының кәсіпкерлік және оптіріс басқармасы» ММ қалалық мәслихаттағы айымдастырылған 31 шілдесіне дейіп астапа аумагында базарлар жұмысы туралы толық ақпарат жіберілсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Тұрақты комиссия төрағасы



С. Жұнісов